

Қазақ халқының салт-дәстүрлері

Қазақ халқының көнеден келе жатқан салт – дәстүрлері, ырымдары өте көп. Қазақ «қазақ» деген атын осы кезге дейін қазаки салт - дәстүрлерімен, ырымдарымен, той – мереке, тағы басқа да жол – жосындарымен талай елді таң қалдырып келеді. Ата-бабамыздың қалдырған асыл мұрасын қадірлеп, жоғалғанды жаңғыртып, қайта жаңарту ендігі болашақ ұрпақтың өз қолында.



Сүйінші

Куанышты хабар жеткізуші адам «сүйінші-сүйінші» деп келеді. Мұндайда куанышты үй иесі «қалағаныңды ал» дейді. Немесе оған риза болатындей сыйлық ұсынады. Бұл қуанудың, ризалықтың белгісі. Сүйінші сұраудың да, оның сүйіншісін алушың да ешқандай сөкеттігі жоқ.

Сәлемдеме

Сәлемдеме (дәстүр) – адамдардың бір-біріне деген сыйластығының, құрмет тұтуының айқын белгісі. Олар көптен көрмей сағынысқан адамдардың бір-біріне жіберген қымбат бұйымы, асыл заты немесе жеңсік тамағы, қысқы сыбағасы. Оның қымбат бағалы болуы шарт емес.

Базарлық

Алыс сапарға саяхатқа, сауда жолына шыққан адамдар жерлестеріне, көрші-көлемдеріне, сыйлас адамдарына, жас балаларға ірілі-ұсақты сыйлықтар әкеледі. Оны «базарлық» деп атайды. Бұл жақсы көрудің, сыйластықтың белгісі және ескерткіш ретінде қабылданады.

Шашу



- Шашу – қуаныш айғағы ретінде жасалатын өте сұлу да салтанатты дәстүр.
- Келін түскенде, жақсылық күндерде, алыс сапардан жолаушы келгенде, күда келгенде тағы басқа зор қуанышты күндерде әйелдер құрт, кәмпитетен, күміс теңгеден шашу шашады.
- Шашылған шашудан тойға қатысуышылар теріп алып, ырым қылышп балаларына апарып береді. Шашуды әйелдер ғана шашады.

Қыз ұзату



«Ұлын ұяға, қызын қияға қондыру» ата ананың тілегі әрі парызы. Соның ішінде қыз ұзату үлкен той, думан әрі қызық. Бұл күні ата ана қуанады, әрі жылайды. Куанатыны қыз өсірді және оны құтты жеріне қондыруы, жылайтыны әрине қимастық көнілі.

Құдалар әдетте кешкілік баруы керек. Мұнда ойын сауық, құдалық рәсімдер мен кәде жоралар жасалады. Жақын адамдар құданы үйіне шақырады. Ұзатылатын қызды дәстүр бойынша таң ата, күн шыға жөнелтеді. Оның алдында қыз «Қоштасу жырын», жастар «Жар жар», «Ау жар», «Аушадияр» айтылады.

Қалжа мен шілдехана тойы



«Бір баланың дүниеге келуі тек сол бала туған отбасының қуанышы ғана емес, күллі ауыл аймақтың ортақ қуанышы. Әсіресе ұл баланың тууын қазақтар қатты қастерлеп, «ұл туғанға күн туады» дейді.

Байырғы қазақ салты бойынша, бала туған күні сол отбасында той басталып, «қалжа» сойылып, маңайдағыabyсын – ажын, тағы басқа әйелдер жиналып, «баланың бауы берік болсын» айтып құттықтайды.

Ал кешке қыз – бозбала жиналып, тұні бойы ән салып, домбыра шертіп, өлең айтып «шілдехана» күзетеді, түрлі ойын – сауық кейде өткізеді.

Сұндет той



Ислам денінің жол – жосығы бойынша қазақтар ұл баланы бес жаста яки жеті жаста сұндетке отырғызады. Осыған байланысты той жасалады. Той қарсаңында сұндеттелетін баланы басына және екі иығына үкі тағып атқа мінгізіп, жақын туыстары мен жұрағаттарын аралатады. Барған жеріндегі туыстары шашу шашып құттықтайды. Балаға үкі қадайды, кепеш кигізеді, әл – ауқатына сай лақ, қозы, құлыш сияқты жас төлдің бірін ен салып береді. Қазақ арасындағы бала сұннеттеу ісін осы кәсіппен шұғылданатын «қожалар» жүргізеді. Бұл қожаларды қазақ қауымы «Мұхаммед пайғамбардың әuletі» деп ардақтайды. Баланың сұндет тойын, халық іс жүзінде оның қара құлақ болып, қатарға қосылуының алғашқы бір белесін тойлау деп санаған.

